

2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 743 "Ұлан ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің регламентін бекіту туралы" қаулысының күшін жою туралы

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 17 маусымдағы № 375 қаулысы

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 8-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Ұлан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 743 "Ұлан ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің регламентін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық акт тіркеу тізімінде 4369 нөмірімен 2016 жылғы 29 қаңтарда тіркелген, аудандық "Ұлан таңы" газетінің 2016 жылғы 5 ақпандағы № 6 санында жарияланған) қаулысының күші жойылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Н. Абдыкаримовқа жүктелсін.

Ұлан ауданының әкімі

Д. Батырбаев